

**4-апта (24.01-28.01.2022 жыл)
№9 «Балдырған» кіші топ**

Өтпелі тақырып: «Біздің кіші достарымыз»

Апталық тақырып: «Құстар біздің досымыз»

Мақсаты: жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жануарлар мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу; оларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін ажыратып, атай білуге үйрету;

Міндеттері:

- жануарларға деген қамқорлық сезімдерін сездіру;
- олардың немен қоректенетінін, дауыстарын қалай шығару керектігін атату;
- танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ойын тәсілдері арқылы ой қиялдарын дамыту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 24.01.2022	Сейсенбі 25.01.2022	Сәрсенбі 26.01.2022	Бейсенбі 27.01.2022	Жұма 28.01.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл –күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелеу.				
Ата – аналармен кенес, әңгімелесу	Ата аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тіртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кеңес беру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)	Дидактикалық ойын: №1 Тақырыбы: «Затты сақта» Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікке бейімделуге, ептілікке үйрету.	Дидактикалық ойын: №2 Тақырыбы: «Кішкене құс және балапандары» Мақсаты: Балаларды шашыраңқы жүгіруге, дыбыстық белгіден кейін әрекет етуге үйрету.	Дидактикалық ойын: №6 Тақырыбы: «Менің көңілді добым» Мақсаты: балаларды екі аяқпен секіруге, айтылған сөздерді зейін салып тындап сойғы сөз айтылған да, ғана жүгіруге дағдыландыру.	Дидактикалық ойын: №15 Тақырыбы: «Сылдырмаққа дейін еңбекте» Мақсаты: Балаларды еңбектеуге үйрету. Кедергіден ұстамай өтуге, ептілікке, тепе-тендікке сақтауға үйрету. Тапсырманы түсінік. Орындауға қалыптастыру.	Дидактикалық ойын: №22 Тақырыбы: «Қақпаға дәлде» Мақсаты: Дпты белгілі бағытқа дәл домалатуға үйрету. Қолдың ұсақ мускуляциясын дамыту.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығу кешені №5				
Таңғы ас	Тамақты төкпей, ұқыпты ішуге үйрету. Үстел басында дұрыс отыруға, жанындағы балаларға кедергі болмауды ескерту. Тамақтанып болған соң «алғыс» айтуға үйрету.				

<p>Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық</p>	<p>Дидактикалық ойын: №3 Тақырыбы:«Кешікпе» Мақсаты: Балаларға тапсырманы дұрыс орындауға жәнк белгі бойынша әрекет етуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: №17 Тақырыбы:«Сақ бол» Мақсаты: Балаларға еңбектеуге, тепе-тендікті сақтауға үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: №1 Тақырыбы:«Торғайлар мен автомобиль» Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің берген белгісі бойынша, әртүрлі бағытта жүруге үйрету. Бір біріне соқтығыспай өз орындарын табуды дағдыландыру.</p>	<p>Дидактикалық ойын: №20 Тақырыбы:«Доп ортада» Мақсаты: Балаларды допты, шарларды, құрсаудыкеректі бағытқа домалатуға және допты лақтырып, оны ұстап алуға үйрету.Лақтырған кезде дәл тигізуге жағтықтыру. Қолдың ұсак мускулатурасын дамыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын: №9 Тақырыбы:«Мені қуып жетіндер» Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің берген белгісі бойынша кеңістікте бағыт тауып жүгіруге үйрету. Шапшандылыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p>	<p>1. «Таным» Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстар – біздің досымыз» Мақсаты: Балаларға дала құстары туралы түсінік беріп, оның ішінде торғай, көгершін, қарлығашпен жақын таныстыру. Суреттер бойынша әңгімелеп, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға, көмек бере білуге үйрету. Дидактикалық ойын: №6 Тақырыбы:«Допты домалат» Мақсаты: Балаларға доптарды домалатуды үйрету. Тапсырманы</p>	<p>1. «Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Торғайлар» Мақсаты: Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру « таяқшалардан аттап өту». Тапсырма арқылы жүгіру «торғайлар мен автомобильдер» 2. «Шығармашылық» Музыка Тақырыбы: «Торғай» А.Райымқұлова Мақсаты: Қыс, құс туралы толық түсінік беру. Әнді таза, анық айтуға үйрету. Музыкалық – ырғақты кимыл: «Сылдырмақпен би»</p>	<p>1. «Қатынас» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Ертегіні түсіндіру, балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс – тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету. Әдіс-тәсілі: Көрсету, түсіндіру, айту. Дидактикалық ойын: №2 Тақырыбы:«Жалаушаны тап» Мақсаты: Балаларды қимылдауға, кеңістікті бағдарлауға, ептілікке үйрету.</p>	<p>1. «Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. биіктігі 15 см болатын кедергілерден аттап өту «батбақтағы көк» 2. «Шығармашылық» Музыка Тақырыбы: «Торғай» А.Райымқұлова Мақсаты: Әнді қайталап, еске түсіру. Әуен арқылы құстардың дыбысын ажырату Музыкалық – ырғақты кимыл: «Жүгіреміз, жүреміз»</p>	<p>1. «Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қарлығаш» Мақсаты: Жылжымалы қадаммен алға қарай жүгіру. Гимнастикалық қабырғаға өздерінің тәсілі бойынша өрмелеу. 2. «Таным» Құрастыру Тақырыбы: «Құстарға арналған ұя» Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, саусақ кимыл қозғалыстарын дамыту, дағдыландыру. Балаларды құстарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Әдіс-тәсілі: Көрсету, түсіндіру, айту</p>

	<p>түсініп орындауды қалыптастыру. Қолдың ұсақ мускулатурасын дамыту.</p> <p>Керекті –құралдар: Доп.</p> <p>Ойын барысы: Балалар еденде шеңдерге отырады. Тәрбиеші қолына доп алып шеңбердің ішіне кіреді. Ол балаларға кезектеп допты домалатады. Балалар допты ұстап, қайтадан тәрбиешіге домалатады. алаңды айналып өтіп, өз орнына барады.</p>		<p>Ойын барысы: Балалар бөлменің немесе ауланың бір жақ шетінде отырады. Тәрбиеші балаларды көздерін жабуды сұрайды. Сол кзде ол бөлме бойына бірнеше жалаушаларды қойып шығады. Балалар көздерін ашады, тәрбиеші оларға бір-бір жалаушадан әкел деп айтады. Балалар тұрып жалаушаларды іздейді. Бір жалаушадан әкеліп тәрбиешіге береді.</p> <p>2. «Шығармашылық» Сурет салу Тақырыбы: «Торғай» Мақсаты: Дала құстары туралы түсініктерін нығайту, дайын дөңгелектерге үшбұрыш пішіндер арқылы ұсақ бөлшектерін толықтыра сурет салуға үйрету. Құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсілі: Көрсету, түсіндіру, айту.</p> <p>Дидактикалық ойын: №4 Тақырыбы:«Маған арай жүгіріндер» Мақсаты: Шапшаң жүгіру және де дыбыс белгісінен кейін әрекет ету.</p>		<p>Дидактикалық ойын: №2 Тақырыбы:«Кішкене құс және балапандары» Мақсаты: балаларды дыбыстық белгіден кейін әрекет етуге үйрету. Ойын барысы: Балалар 5-6 баладан топ-топқа бөлінеді. Әр топтың өзінің үйшігі – ұясы болады. Балалар жүрісінен отырып, ұяларында отырған балапандарды, ал тәрбиеші құстың өзін бейнелейді. «Ұшақ-ұшамыз » деген сөздер бойынша құстың балапандары ұяларынан ұшып шығады және тамақ іздеп алысырақ ұшып кетуге тырысады. Тәрбиешінің «Үйге қарай ұамыз » деген белгісі бойынша балапандар өз ұяларына оралады. Ойын 3- рет қайталанады.</p>
--	--	--	---	--	---

Серуенге дайындық	Балаларды өз бетінен реттілікпен киіне білулеріне үйрету.Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Қолдарын дұрыс (көбіктенгенше сабындау) жууға үйрету, құрғатып сүртуге үйрету.				
Серуен	<p>1. Бақылау.№1: Күртік қарды бақылау Мақсаты: Қыс мезгіліндегі болатын құбылыстар туралы түсініктерін бекіту, күртік қалай жиналғанын нақтылау, балалардың ккргендерін әңгімелеп бере білуге үйрету. Тірі мес табиғаттың қысқы құбылыстарна қызығушылық туғызу.</p> <p>2. Еңбек: Отырғыштарды қардан тазалау</p> <p>3.Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: Балаларды ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>4.Жеке жұмыс: Қуанышқа отбасы туралы сұрау</p> <p>5. Еркін ойындар</p>	<p>1.Бақылау.№2: Қырауды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі қырау құбылысы туралы мағлұмат беру, судың мұзға айналатынын, қыраудың ұзынша ине тәріздес кристалдарға айналған су екендігін түсіндіру. Қыс мезгілде ағаштарда, үйлердің шатырын жапқан қыраудың әдемілігіне назар аударту. Өлі табиғаттың қысқы құбылыстарына қызығушылық туғызу.</p> <p>2.Еңбек: Ойын алаңына баратын жолды қардан тазалау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>3. Қимылды ойын: «Мұз болып қатырамын.» Мақсаты: Балаларды ойын ережесін үйрету.Ойынға деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p>1. Бақылау.№3: Қысқы ауаны бақылау. Мақсаты: Балаарға қыс туралы түсінік беру, қыстың ерекшеліктеріне сұлулыққа сүйсінуге тәрбиелеу.Ақыл -ойын дамыту. Қар жауып тұр, күн шығып тұр, жылы, салқын, аяз, сияқты жаңа сөздер қатарының мазмұнын түсіндіру.</p> <p>2. Еңбек: Аулада қар жинау. Балалардың талғамын, әдемілікпен көрнекілікті қабылдау сезімін дамыту.</p> <p>3. Қимылды ойын: «Соқыртеке» Мақсаты: Балаларды ойын ережесін үйрету, алаңда бір-біріне соқтығыспай қозғалуға, берілген белгіге жылдам жауап қайтаруға үйрету.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Рахманға отбасы туралы әңгімелеу.</p> <p>5. Еркін ойындар</p>	<p>1. Бақылау.№4:Қардағы іздерді бақылау. Мақсаты: Балалардың қардағы іздерді табуға және олардың тани білуге үйрету: Машина дөңгелегінің ізі, адамның құстардың ізі, іздердің бағытын анықтау, байланыстарды айра білу. Танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеу, баланың қиялдарын білуін дамыту.</p> <p>2. Еңбек:Отырғыштарды қардан тазалау. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>3. Қимылды ойын:«Ұшақтар» Мақсаты: Балаларды ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Аялаға қыс ерекшеліктері туралы қайталап сұрау.</p> <p>5. Еркін ойындар</p>	<p>1.Бақылау.№5: Терезедегі қырауды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі қырау құбылыстары туралы мағлұматты бақылау, балаалардың төменгі төменгі температура жағдайында терезе әйнектерінде әдемі өрнектер салынатынына назар аударту.Өрнектердің әдемілігін тамашалауға, олардың неге ұқсайтынына назар аудартуға үйрету.Өлі табиғаттың қысқы құбылыстарына қызығушылық туғызу.</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңына баратын жолды қардан тазалау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>3. Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: Балаларды ептілікке, ыждағаттылыққа тәрбиелеу.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Әлинұрға түстер туралы сұрау.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>

		4. Жеке жұмыс: Адинаға түстерді қайталатып айту. 5. Еркін ойындар			
Серуеннен оралу	Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету.Беті колдарын жуу.				
Түскі ас	Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту.Қасықты оң колдарына ұстауға тәрбиелеу. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. Асты төкпей мұқият ішуге дағдыландыруу				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балалардың бас, қол , аяқтарын керілу, созылу, кимыл қозғалыс жаттығуларын жасату. Түкті кілемше үстімен жүргізу.				
Бесін ас	Тамақ ішу кезеңінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру.				
Ойындар, дербес әрекет.	Дидактикалық ойын: №1 «Ауа-райына, мезгілге қарай қуыршақты киіндіру» Мақсаты: Жыл мезгілдері туралы білімдерін жетілдіру.Балалардың қызығушылығын арттыру,баланың зейінін,ойлау қабілетін дамыту.Киімдерінің түсін, түрін,ажырта білуге жыл мезгіліне сай киінуге үйрету.	Дидактикалық ойын: №2 «Жоғары -төмен» Мақсаты: Балаларды ойыншық атауларын дұрыс атауға үйрету.Кеңістікті бағдарлайтын «жоғары», «төмен» ұғымдарын түсініп орындауға үйрету.Берілген тасырманы түсініп орындауға дағдылану.	Дидактикалық ойын: №3 «Кім не істейді?» Мақсаты: Балаларға мамандық туралы түсіндіру. Олардың қызметтерін айту арқылы сөздік қорларын дамыту.	Дидактикалық ойын: №4 «Қандай?» Мақсаты: Балаларды заттың түстерін ажыратып атауға үйрету.(қызыл, жасыл)	Дидактикалық ойын: №5 «Түсіне қарай тап» Мақсаты: Ыдыстар туралы түсінік беру. Түстер туралы білімдерін кеңейту.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Инжуден өлеңдерді айтқызу. өткен қайталап	Рахманнан жыл мезгілдерін сұрау.	Әлжаннан түстерді үйрету	Сезімнен қимыл-қозғалысты дамыту мақсатында жаттығулар жасау.	Шамильден "мамандық таңдау" тақырыбында әңгімелесу.
Серуенге дайындық	Беті қолдарын салқын сумен жуып, сергу.Киімін ретімен киюге үйрету. Аяқ киімдерімен киімдерін оң киюге үйрету.				
Серуен	<p>1. Бақылау№1: Күртік қарды бақылау</p> <p>2.Қимылды ойын: «Ұшақтар»</p> <p>Мақсаты: Балаларды ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>3. Еркін ойындар</p>	<p>1.Бақылау№2: Қырауды бақылау.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Мұз болып қатырамын.»</p> <p>Мақсаты: Балаларды ойын ережесін үйрету.Ойынға деген қызығушылығын арттыру.</p> <p>3. Еркін ойындар</p>	<p>1. Бақылау№3: Қысқы ауаны бақылау.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Соқыртеке» Мақсаты: Балаларды ойын ережесін үйрету, алаңда бір-біріне соқтығыспай қозғалуға, берілген белгіге жылдам жауап қайтаруға үйрету.</p> <p>3. Еркін ойындар</p>	<p>1. Бақылау№4:Қардағы іздерді бақылау.</p> <p>2. Қимылды ойын:«Ұшақтар» Мақсаты: Балаларды ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу</p> <p>3. Еркін ойындар</p>	<p>1.Бақылау№5: Терезедегі қырауды бақылау.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: Балаларды ептілікке, ыждағаттылыққа тәрбиелеу.</p> <p>3. Еркін ойындар.</p>
Балалардың үйіне қайтуы.	Ата-аналарға балаларымен сөйлеуін дамыту мақсатында жиі сөйлесіп, әңгімелесіп отыруға кеңес айту.	Балабақша тақырыбындағы тақпақты үйде де жаттатуды ата-аналарға айту. Мақсаты: тілдерін дамыту	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді өтіну.	Ата-аналарға ұйықтар алдында ертегі оқуларын ескерту, кеңес беру.	Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.

